

Педагогикалық кеңес №1

Мақсаты : «Тәрбие-оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру.»

№1 педкеңес. Тамыз.

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындалып, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Өтілу түрі: аналитикалық жоспарлау.

№	Күн тәртібі	жауапты
1.	Педагогикалық хатшысын сайлау.	
2.	Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы	Аға тәрбиеші
3.	Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	Меңгеруші
4.	Тілдер туралы заңның орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту.	Әдіскер
5.	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.	Әдіскер
6.	Ағымдағы мәселелер: -Оқу жұмыс жоспары; -бағдарламалар, педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту; -топ балалар тізімі.	Әдіскер

Сөз алды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі педагогикалық кеңес хатшысын сайлау туралы өз ұсынысын айтты. Педкеңес хатшысы болып бірауыздан Усербаева А. сайланды. Педкеңестің екінші сұрағы бойынша аға тәрбиеші сөз алып, жазғы сауықтыру жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру жұмыстары белгіленген жоспар бойынша жүргізіліп отырды.

Сөз алды:

Келесі кезекте балабақша меңгерушісі сөз алып, балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен, биылғы оқу

жылының проблемалық тақырыбымен таныстырды. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жоспары талқыланып, бірауыздан қабылданды.

Сөз алды:

Келесі сұрақ бойынша әдіскер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды.

Сөз алды:


Келесі сұрақ бойынша балабақша әдіскері оқу жұмыс жоспарымен, педагогтерге перспективалық және циклограмманы жасау туралы кеңес берді. Осы жерде аға тәрбиеші Усербаева А. Циклограмманы жасау туралы ойымен бөлісті.

Қаулы:

1. Балабақша жұмыс жоспары бекітіліп, басшылыққа алынсын.
2. Барлық топтарда кестеге сәйкес тілдер мерекесі өтілсін.
3. Перспективалық жоспар 5 қыркүйекке дейін жасалып, бекітілсін.

Хатшы: *Усербаева А.*





Педагогикалық кеңес №2

Күні : 01.11.2023 ж

Барлығы : 5

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педкеңестің шешімінің орындалуы, педкеңестің тақырыбы мен мақсатын таныстыру. Жауапты меңгеруші.
2. Режимдік сәттерді ұйымдастырудың формалары мен әдістері. Тәрбиеші: Усербаева А.
3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес ойын іс – әрекетінде баланың жан – жақты дамуы. Тәрбиеші : Шамишева А.
4. Баланың аурушандығы туралы есебі: Гепатит А, қызылша ауруларының алдын алу. Жауапты: Медбике

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып, алдыңғы пед кеңестің шешімінің орындалу барысына мәлімдеме жасады. Барлық топ тәрбиешілері перспективалық және циклограмманы белгіленген уақытта жасағанын айтты және №2 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып өтті.

Сөз алды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Усербаева А. «Режимдік сәттерді ұйымдастырудың формалары мен әдістері» атты іскерлік ойын өткізді. Ойынды бастамас бұрын «Кассадағы билет» әдісі арқылы педагогтерді екі топқа бөліп, тапсырмалар берілді.

I – топ «Диірмен» әдісі

II – топ «Саққулақ» әдісі.

Әр топ берілген әдістерді бірнеше режимдік сәттерде түрлендіріп, шығармашылықпен пайдалану арқылы орындап, белсенді қорғап шықты.

Сөз алды:

Педагогикалық кеңестің үшінші сұрағы бойынша тәрбиеші Шамишева А. сөз алды. МЖМБС талаптарына сай баланың бес даму саласы ойын арқылы жүзеге асатынын атап өтті. Заманауи кезеңде сюжеттік – рөлдік, дидактикалық және қимыл – қозғалыс ойындарын тиімді кіріктіру қажеттілігін түсіндірді. Ойын барысында баланың сыни ойлауы, цифрлық сауаттылық элементтері және әлеуметтік дағдылары қалыптасады.

Сөз алды:

«Болашақ» тобының тәрбиешісі сөз алып «ересек топтарда ұлттық ойындарды МЖМБС – тың қай саласында жиі қолданған тиімді», - деген сұрақ қойды.

Бұл сұраққа әдіскер былай деп жауап берді: Ұлттық ойындарды «Әлеумет»(салт – дәстүр) саласында кіріктіру өте тиімді, - деді.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде тұрған келесі сұрақ бойынша балабақша медбикесі Камаева Н.К. есебі тыңдалды. Балалардың қыркүйек айынан бастап қараша айына дейінгі аралықта балабақшаға қатыскы туралы есеп берді. Балалардың себепсіз қалуы аз, қатысуы жақсы. Танертенгі қабылдауда балалардың уақытымен келуін, балалардың қолдарын жууды қадағаланыздар, - деп ескерту жасап өтті.

Қазіргі уақытта қызылша ауруы белең алып тұр. Екпе алуға немқұрайлы қарамау керек деп сөзін аяқтады.

№2 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Гепатит А, қызылша ауруларының алдын алу шаралары жүргізілсін.
2. Біртұтас тәрбие, ұлттық құндылықтарымыз, салт – дәстүрлеріміз жандандырылсын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтау ескертілсін.

Төрайымы:

Г.З.Жакупова

Хатшы:

А.У.Усербаева





ЖШС «Bolashag.com»
«Dariya» балабақшасы



**Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі
(педагог-тәрбиешілер арасындағы тренинг)**

Педагог – психолог: Сыдыкова М.О.

Тұздыбастау, 2024ж

ЖШС «Bolashag.com»
«Dariya» балабақшасы

БАЯНДАМА: Ойын арқылы баланы жан-жақты дамыту

Тәрбиеші: Шамишева А.А

2024-2025

ТОО "Bolashaq.com"

Балабақша "Dariya"

**Режимдік сәттерді ұйымдастыру
формалары мен әдістері**

Тәрбиеші: Бөрдіке Г.Ж

Тұздыбастау 2024

03 қаңтар 2024 ж

Қатысқаны: 7

Тақырыбы: Педагог кадрлардың креативті әлеуетін дамыту жолымен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық – зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау.

Күн тәртібінде:

1. №2 педкеңестің шешімнің орындалуы. (анықтама)
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық – зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау.
3. Ағымдағы мәселелер.

Сөз алды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. сөз алып, алдыңғы педкеңестің шешімнің орындалу барысында мәлімдеме жасады. №2 пед.кеңесте қабылданған шешім бойынша барлық топтарда іс – әрекет кезеңдеуілттық құндылықтарымыз, салт – дәстүрлер дәріптеліп отырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық – зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау.» тақырыбында баяндады. Тәрбие мен білім өмір жолындағы үзіліссіз процесс. Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадан бастау алып, бала бойына танымдық қабілет дарыту міндетіміз. Қарапайым ғана табиғат құбылыстарындағы ерекшеліктерді байқағанда, мысалы, жапырақтар неге сарғаяды?, Күн неге ысыйды?, Қар неге жауады?, Жаңбыр қайдан пайда болады? – деген сияқты өзіне беймәлім нәрселерді білуге тырысады. Осы тұста балаға ең басты көмекші әдіс – эксперименталдық – тәжірибелік әдіс деп айтуға болады.

Сөз алды:

«Айналайын» тобының тәрбиешісі А.Усербаева сөз сөйледі. Ол балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін топтарда эксперимент жасау, STEM – технологияларды қолдану, ТРИЗ элементтерін енгізу маңыздылығын айтты. Баланың қоршаған ортаны тануға деген құштарлығын ояту тек дұрыс ұйымдастырылған орта арқылы жүзеге асатынын жеткізді.

Сөз алды:

Балабақша меңгерушісі Г.З.Жакупова сөз алып балабақша топтары чаттарына салынған кейбір жұмыстардың сапасына. жазған мәтіндегі сөздердің байланысына, көңіл аударып, дұрыс, сауатты жазындар, деп ескерту айтты.

№3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Барлық топтарда балалардың танымдық – зияткерлік қызметін дамытуға арналған заманауи технологиялар оқу – қызметіне енгізілсін.
2. Топтардағы пәндік – дамытушылық орта заманауи дидактикалық материалдармен толықтырылсын.

Төрайымы

Хатшы



З. Жакупова

А. У. Усербаева





«Dariya» балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың
танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін
жағдай жасау»

Меңгеруші: Г.З.Жакупова

Тұздыбастау 2024ж

Педагогикалық кеңес №4

Наурыз 2024 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. №3 пед.кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Ата – анамен жұмыс: «Жанұя мен балабақша арасындағы байланыстың қалыптасуы, патриоттық тәрбие.
3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша барлық топта білім салалары бойынша мониторинг.

Сөз алды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.З.Жакупова сөз алды. №3 педагогикалық кеңесте «барлық топтарда балалардың танымдық – зияткерлік қызметін дамытуға арналған заманауи – технологиялардың оқу – қызметіне енгізу туралы шешім қабылданған болатын, деді менгеруші. Педкеңес қаулысын жүзеге асыру мақсатында балабақшада іс – шаралар жоспары әзірленді. Барлық жас ерекшелік топтарында заманауи технологияларды енгізу жұмыстары жүргізіледі, деді балабақша менгерушісі.

Сөз алды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Усербаева А.У. сөз алды. Ол ата – аналармен жүргізілген жұмыстарын айта отырып «Жанұя мен балабақша арасындағы байланыстың қалыптасуы, патриоттық тәрбие» тақырыбында баяндамасын оқыды. Баяндаманың негізгі мақсаты ата – аналармен бірлесе отырып баланың тұлғасын дамытуға бірінғай білім беру кеңістігін дамыту, қалыптастыру, отбасымен бірігіп баланың өмірін қорғау, балаға қарым – қатынас мәдениетін таныстыруға ықпал жасау болып табылады, - деп сөзін қорытындылады.

Сөз алды:

Үшінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдіскер Г.З.Жакупова сөз алды. Балабақша балаларының танымдық қызығушылығын дамытудың дәрежесі ғана емес, баланың маңызды техникалық қызметтеріне, ақыл – ой жұмыстарының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігін айтты. Әр сабағымызды қызықты, ерекше өткізу үшін әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келді. Қорыта айтқанда еліміздің ертенгі, рухани байлығы, мәдениеті, білімі – осы балалар болып табылады.

Қаулы:

1. Педагогтер мен ата – аналар арасында тығыз байланыс орнататын жұмыстар жүргізілсін.

2. ଅନୁମୋଦିତ ନିୟମାବଳୀ କାର୍ଯ୍ୟକାରୀକରଣ ପ୍ରକଳ୍ପର ଅନୁମୋଦିତ ସମ୍ପର୍କରେ :-
ଅନୁମୋଦିତ ପ୍ରତିଶ୍ରୁତିପାତ୍ର/ପତ୍ର
3. ନିୟମାବଳୀର ଅନୁମୋଦିତ ନିୟମାବଳୀ ନିମ୍ନ ସ୍ତରୀୟ ନିୟମାବଳୀ ନିର୍ଦ୍ଦିଷ୍ଟ
କାର୍ଯ୍ୟକାରୀକରଣ ପ୍ରକଳ୍ପରେ ଅନୁମୋଦିତ

Torsionsfreie $\mathbb{Z}$ -Moduln $\mathbb{Z}^n$ $\rightarrow$ $\mathbb{Z}$ -Moduln $\mathbb{Z}^n$
 Vektorräume $\mathbb{Z}^n$ $\rightarrow$ $\mathbb{Z}$ -Moduln $\mathbb{Z}^n$





№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

24 мамыр 2024 жыл

Қатысқандар : 6

Күн тәртібінде :

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Оқу – тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстардың және Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қортынды даму мониторинг қортындысы.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.
4. Мектепалды дайындық топтың жай – күйін кешенді бақылау қорытындысы.

Сөз алды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтты. Өткен педагогикалық кеңестің қаулысына сәйкес, балабақша топтарында балалардың танымдық белсенділігі мен зерттеу дағдыларын дамыту міндеттелген болатын. Осы мақсатта есепті кезеңде тәрбиешілер жүйелі жұмыстар жүргізді, деді меңгеруші. Мысалы, «Достық» тобында ауаның, судың және газдың қасиеттерін анықтауға арналған күнделікті шағын эксперименттер өткізілді.

«Болашақ» тобында «Өсімдіктердің өсуін бақылау», «Қар қалай ериді?» тақырыптарында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің екінші сұрағы бойынша аға тәрбиеші А.У.Усербаева сөз алды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша тәрбиешілердің даму қортынды мониторингіне талдау жасады. Тәрбиешілердің заманауи технологияларды қолдануы нәтижесінде білім сапасы артқан. Кейбір бағыттарда логикалық ойлау бойынша әлі де жұмыс істеуді қажет ететін тұстар бар, деді Усербаева.

Сөз алды:

Тәрбиеші А.Шамишева өз тобындағы мониторинг нәтижесін саралап, даму деңгейі төмен балалармен жеке жұмыс жоспарлары әзірленгенін атап өтті.

Сөз алды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. педкеңеске қатысушыларды жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарының мақсат – міндеттерімен және іс – шаралар жоспарымен таныстырды. Меңгеруші спорттық жарыстар, эстафеталар, таңғы гимнастиканы ашық аспан астында ұйымдастыру туралы және жаз айларындағы балалардың мәзіріне көкөністер, жеміс – жидектер мен шырындарды көбейту керектігін айтып өтті.

Сөз алды:

Тәрбиеші А.Шамишева жазғы кезеңде балалардың ішетін су режимі қалай ұйымдастырылады?, деп сұрақ қойды.

Менгеруші әр топта таза ауыз суы жеткілікті мөлшерде болады, серуенге арнайы ыдыстарымен шығарылады, деп жауап берді.

Тыңдалды:

Аға тәрбиеші А.Усербаева мектепалды даярлық топтарын тексеру қорытындысы бойынша айтып өтті. Мектепалды тобы балаларының білім, білік дағдыларының мемлекеттік стандартқа сай екенін және балалардың сөздік қоры мен логикалық ойлауы жақсы деңгейде дамығанын айтты. Кейбір балаларда дыбыстық айтылуында кемшіліктер бар, деді.

Қаулы:

1. Оқу – тәрбие жұмысы және Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша жүргізілген мониторинг жұмысы қанағаттандырылдық деп танылсын.
2. Педагогикалық кеңес қаулысының танымдық – зерттеу іс – әрекетін ұйымдастыру туралы тармағы толықтай орындалды деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтару жұмыс жоспары бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.З.Жакупова

А.А.Шамишева

